

ТУРИЗМ КАФЕДРАСЫ



Туризм кафедрасы

Кафедрада оқытылатын негізгі пәндер – туризмология негіздері, туризмнің географиялық ортасы, туризмнің белсенді түрлерінің техникасы мен тактикасы, экскурсиятану, халықаралық туризм тарихы, туристік бизнесті жоспарлау және ұйымдастыру, туризм менеджменті, туризм маркетингі, қонақүй шаруашылығы, елтану, туризм индустриясы, халықаралық туризм географиясы, әлемнің табиғи-рекреациялық ресурстары, әлемнің рекреациялық аймақтары, Қазақстанның экономикалық және әлеуметтік географиясы, туризмдегі кәсіпкерлік іс-әрекет негіздері, туризмдегі баға құрастыру, туристік карталарды құрастыру, туристік іс-әрекет психологиясы, туризм инфрақұрылымы, туризмдегі жарнамалық іс-әрекет, экологиялық туризм, мұражайтану, туризмдегі ақпараттық технологиялар және т.б.

Туризм кафедрасының қызметкерлері

Барлық курс (қазақ және орыс бөлімшелері) студенттері оқу-әдістемелік құжатнамамен толығымен қамтамасыздандырылған. Оқулық әдебиет жөнінде атап айтсақ, қазақ бөлімінің қамтамасыздануы жеткіліксіз (50-60%), орыс бөлімінің қамтамасыздануы 100 %.

2005 жылы кафедра меңгерушісі С.Р.Ердаuletовтың басқаруымен кафедра қызметкерлері, В.Н. Вуколов (Қаз СТА) пен А.Т. Тілеубердиновалардың (ҚарМУ) қатысуымен 050902 – «Туризм» (бакалавриат) және 6N0902 – «Туризм» (магистратура) мемлекеттік стандарттарын қайта әзірледі. Аталған стандарттар 2005 жылы мемлекеттік стандарттардың республикалық конкурсының жеңімпаздары аталып Қазақстан Республикасы аумағында жалпыға міндетті болып қабылданды. Осыған орай, кафедра мүшелері бакалавриат пен магистратура мемлекеттік стандарттарының міндетті пәндері бойынша 22 типтік бағдарлама шығарды. Кафедра шығарған еңбектердің толық тізімдері 2 оқулық, 20-дан астам оқу-әдістемелік құрал мен әдістемелік еңбектер бар, көлемі 50 баспа парақтан астам.

Кафедра жұмысында ғылыми зерттеулер мен оқу үрдісі тығыз байланыста болып келеді. Кафедра оқытушыларының ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелері кафедра жүргізетін барлық пәндер бойынша оқу үрдісінде қолданылады.

Мәселен, «Қазақстан Республикасы туризми индустриясының тұрақты дамушы негізі ретіндегі рекреациялық ресурстарды бағалау» атты негіздеуші зерттеулердің үш жылдық жоба тақырыбының кейбір нәтижелері туризм кафедрасы оқытушылары беретін мынадай пәндер құрамына енгізіледі:

1. Туризмология негіздері
2. Туризм геоортасы
3. Аумақтық рекреациялық бағалануы
4. Қазақстан туризмінің географиясы

Бюджеттік тақырыптар бойынша кафедраның ғылыми зертеулерінде студенттер курстық, дипломдық жұмыстарды орындау арқылы, және де жыл сайын өтетін студенттік ғылыми конференциялар мен басқа басылымдарда шығатын мақалалары арқылы қатысады.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ география факультетінде туризм бөлімшесі мен кафедрасының ашылуымен Қазақстан туризмінің дамуы мен аумақтық ұйымдастырылу аясындағы ғылыми зерттеулер бірте-бірте елдің ғылым жағынан ең үздік осы жоғары оқу орына көшуде. Оның дәлелі, мысал үшін, 1999 жылы мұнда туризмнің көпфункционалды Ғылыми-оқу орталығының ашылуы. Бұл орталықтың негізгі мақсаттары – туризм аясындағы ғылыми-әдістемелік және жарнамалық-ақпараттық өнімді шығару және т.с.с.

Кафедраның ғылыми-зерттеу жұмысы «2001-2015 жж. туризм географиясы аясындағы ҒЗЖ дамыту жоспарына» сәйкес өткізіледі. Осы жоспардың негізгі бағыттары: 1. Қазақстан Республикасының туристік-рекреациялық ресурстарының ғылыми зерттеуі мен бағытталуы. 2. Қазақстан Республикасы туризмінің дамуы мен аумақтық ұйымдастырылуының ғылыми қамтамасыздану мәселелерін қарастыру. 3. Туризм дамуының педагогикалық-психологиялық мәселерін зерттеу және оқу-әдістемелік материалдарды әзірлеу. 2000 жылдан бастап кафедра мемлекеттік бюджеттен (бірақ қаржы бөлінбей тұрған) «Қазақстан Республикасы туризмінің аумақтық ұйымдастырылуының теориялық және қолданбалы мәселелерін зерттеу» тақырыбы бойынша жұмыс жүргізуде. Ғылыми дәрежелері жоқ кафедра оқытушылары диссертациялық тақырыптары бойынша, ғылыми оқытушылар болса – инициативалық тақырыптар бойынша жұмыс істеуде. Дегенмен, осылардың барлығы аталған мемлекеттік бюджеттік тақырып пен ҒЗЖ перспективалық жоба шеңберінде болып табылады.

Осы зерттеулердің ең маңызды мәселелері: мемлекеттік туристік саясатты, туристік іс-әрекетті реттеу, ішкі және халықаралық туризмнің экономикалық мен аумақтық ұйымдастырылуы; Қазақстан Республикасының туристік-рекреациялық ғылыми зерттеуі мен бағалауы; рекреациялық аймақтардың аудандық жоспарлауы мен туризм индустриясының аймақтық сұлбаларын әзірлеу; рекреациялық картографиялау мен туризм аясындағы жарнамалық-ақпараттық өнімді шығару; туризм жүйесі мамандарын даярлау мен қайта даярлау аясындағы саясат және т.б.

Тақырыптың аталған тарауларындағы күтілетін нәтижелері мен есеп беру формалары өзіне тән сипаттарға ие, және қаржыландыру мәселелеріне байланысты. Егер зерттеулер дұрыс қаржыландырылса,

нәтижесінде туристік карталар, атластар, маршрут сұлбалары, анықтама-жолнамалар, буклеттер; туристік-рекреациялық зоналар, аудандар мен орталықтардың аудандық жоспарлау жобалары, ғылыми монографиялар, мақалалар мен тезистер; оқулықтар, оқу құралдары, әдістемелік нұсқаулар, бағдарламалар; қолжазбалар және т.б. жарық көреді.

2002 жылы 31 желтоқсанда кафедра «Қазақстан Республикасы туризм индустриясының тұрақты дамуы негізі ретіндегі рекреациялық ресурстарды бағалау» атты негіздеуші зерттеулердің үш жылдық (2000-2002жж.) ҚР БҒМ гранттық тақырыбы бойынша зерттеулерді аяқтады. Жұмыс жөніндегі есепті тапсырма беруші - ҚР БҒМ география институты жақсы бағамен қабылдады.

Бұл жобаның мақсаты – Қазақстан Республикасының рекреациялық ресурстарын туризмді дамыту мен аумақтық ұйымдастыру үшін тиімді қолдануды ғылыми қамтамасыздандырудың теориялық және әдістемелік негіздерін жасау болған. Өтілген зерттеулер нәтижесінде кезегімен мынадай қорытындылар жасалды:

- табиғи және әлеуметтік-экономикалық туристік-рекреациялық ресурстардың классификациясы мен бағалануының критерийлері мен әдістемесі анықталды (2000 ж);
- туристік-рекреациялық ресурстарды түгелдеу (инвентаризация) мен баға беру (бонитировка) бойынша кешенді зерттеулер өткізілді; Осыған орай барлық туристік-рекреациялық ресурстар (Алматы облысы мысалында) бойынша жүйелі мағұлматтарды қамтыған аумақтық туристік-рекреациялық кадастрларды құрастыру жұмысы орындалды.
- Қазақстан облыстары аймақтарының туристік карталарын топографиялық негізінде құрастыру әдістемесі жасалған, Алматы облысының туристік картасы («Туристская карта Алматинской области» масштабы 1:800000, 2002 ж) құрастырылды.

2009 жылы кафедра ҚР БҒМ «Туризмнің тұрақты дамуының географиялық негіздерін Қазақстанның туристік-рекреациялық әлеуетін бағалау арқылы әзірлеу» (2009-2011 жж.) тақырыбы бойынша үш жылдық грантын қайтадан ұтып алды.

Қазіргі таңда әл-Фараби атындағы ҚазҰУ туризм кафедрасы Қазақстандағы туризм мәселерінің ғылыми зерттеулердің алдыңғы қатардағы орталығы болып табылады. Дәл осында, география

факультетінің жанында, Қазақстанда алғашқы рет 1998 жылы Қазақстан мен ТМД үшін жаңа ғылым – туризм географиясы салалық бөлімі болып табылатын 25.00.24 мамандығы экономикалық, әлеуметтік және саяси географиясы бойынша кандидаттық диссертациялары қорғауға арналған диссертациялық кеңес пайда болды. Қазіргі кезде бұл кеңес докторлық кеңеске айналды.

Аталған кеңестің іргесін қалаған тұлға – Қазақстан туризм географиясының негізгі болған Қазақстандағы алғашқы теориялық еңбектер мен оқу құралдарының авторы – профессор С.Р. Ердаuletов. С.Р. Ердаuletовтың басқаруымен еліміздегі туризмнің дамуы мен аумақтық ұйымдастыруының ғылыми қамтамассыздануына бағытталған, зор болашағы бар ғылымның – туризм географиясының Қазақстандық мектебі қалыптасуда.

Осыны дәлелдеу үшін С.Р. Ердаuletовтің аспиранттары қорғаған кандидаттық диссертацияларын атап шығуға болады:

1. К.Н. Мусин «Международный туризм: современные тенденции развития в мире и Казахстане» (1998);

2. С.А. Шабельникова «Оценка рекреационных ресурсов Республики Казахстан для целей развития отдыха и туризма» (2000);

3. Ж.Н. Алиева «Роль экологического туризма в устойчивом развитии Республики Казахстан (на примере Алматинской области)» (2001);

4. М.Д. Мамадияров «Методические подходы к разработке региональной концепции развития туризма (на примере Южно-Казахстанской области)» (2003);

5. К.С. Турсинбаева «Развитие туризма Карагандинской области» (2003);

6. Г.Т. Кубесова «Оценка рекреационных ресурсов Актюбинской области для целей развития отдыха и туризма» (2004);

7. М.А. Титова «Проблемы и перспективы развития и территориальной организации туризма Акмолинской области» (2007).

Қазіргі кезде С.Р. Ердаuletов қарамағында 4 докторант пен 12 ізденуші жұмыс жасауда, олардың еңбектері еліміздің географиялық-туристік зерттелуі мен Қазақстан туризм географиясының дамына үлес қосатын

болады.

Туризм географиясы дегеніміз – туризмнің аумақтық ұйымдастыруын зерттейтін ғылым, оның зерттеу пәні – кеңістіктегі туристік құбылыстардың және олармен байланысты, кеңістікті өзгертіп қайта құратын үрдістердің формалары мен өзара қатынастарының анализі мен синтезі.

Күрделі, кешенді құбылыс ретінде туризм пәнаралық зерттеулердің нысаны болады. Қазіргі кезде жаңа ғылым – туризмология (рекреалогия) қалыптасуда. Оның дамуына география, экономика, менеджмент, социология, психология, педагогика, медицина, архитектура, аудандық жоспарлау, заңтану және басқа жаратылыстану, гуманитарлық, қоғамдық, техникалық ғылымдар өз үлесін қосады. Бірақ туризмологияның даму үрдісі – дербес пәндерге сай көзқарастардан туризм жөніндегі жүйелік білімге апаратын ұзақ жол екені мәлім.

Туризм жөніндегі кешенді интегралдық-синтетикалық ғылым ретінде, туризм географиясы қалыптасып келе жатқан туризмологияның функциясын орындай алады және орындауда. Бұл таңқаларлық емес, себебі қоғамдық географияның бір саласы бола тұра, туризм географиясы туристік іс-әрекеттің барлық қырларын табиғи географиялық, әлеуметтік-экономикалық, экологиялық, саяси, ғылыми-техникалық т.б. қамтиды.

Кафедра ғалымдары Қазақстан үшін мүлдем жаңа осы ғылым дамуына өз үлестерін қосуда.

1999 жылы кафедра «Туризм теориясы мен тәжірибесінің қазіргі мәселелері» тақырыбында алғашқы халықаралық ғылыми-теориялық конференцияны өткізді. Нәтижесінде көлемі 15 б.п. конференция материалдарының жинағы жарық көрді.

2002 жылының мамыр айында кафедра «Қазақстан туризм индустриясының қалыптасу мәселелері» атты туризм мамандарының екінші халықаралық конференциясын өткізді. Оның жұмысына Ресей, Өзбекстан, Қырғызтан өкілдері қатысты. Конференция материалдары бойынша көлемі 15 б.п. жинақ баспадан шықты.

Кафедраның 10-жылдық мерекесіне орай, 2006 жылы «Туризм географиясы: теория мен тәжірибенің өзекті мәселелері» атты III халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өткізілді. Оның жұмысына Польша, Ресей, Қытай, Өзбекстан, Қырғыстан ғалымдары

қатысты. Конференция материалдары бойынша көлемі 12 б.п. мақалалар жинағы шықты.

Кафедра ММУ, Пермь мемлекеттік университетімен (Ресей), Варшава, Познань, Лодзь университеттерімен (Польша), Ташкент Университетімен (Өзбекстан) және Янош Кодолари атындағы институтымен (Венгрия) тығыз және тұрақты байланыс жасауда. Атап айтсақ, бұл қатынастар ғылыми еңбектермен, конференция материалдарымен, студенттік жұмыстарымен алмасу, диссертациялық жұмыстарына оппонент болу, ғылыми конференцияларда қатысу түрінде жүргізіледі.

Кафедраның ең маңызды ғылыми еңбектері: «Экономическая и социальная география Казахстана» (С.Р. Ердаuletов, 1998), «Практические занятия по курсу «География мирового хозяйства» (К.А. Исакова, Р.К. Утекешева. 1998), «Актуальные вопросы теории и практики туризма» (материалы конференции, 1999), «Основы топографии и ориентирования на местности» (О.Б. Мазбаев, А.К. Уварова, 2000), «География туризма: история, теория, методы, практика» (С.Р. Ердаuletов, 2000), «Берлин глазами туриста» (А.К. Уварова, 2001), «Роль туризма в устойчивом развитии Республики Казахстан» (юбилейный сборник, 2001), «Экскурсоведение» (З.В. Тынчерова, 2001), «Проблемы становления индустрии туризма Казахстана» (материалы конференции, 2002), «Экологический туризм» (Ж.Н. Алиева, 2002), «История туризма» (С.Р. Ердаuletов, 2003), «Основы планирования и организации туристской деятельности» (З.В. Тынчерова, 2003), «Туризм» мамандағы оқылатын тәрбиелері бойынша студенттердың өздік жұмасы» (З.М. Абишева и др., 2003), «Туризмология негіздері» (Ж.Н. Алиева, 2004), «Геосреда туризма (З.М. Абишева, 2004), «Топография негіздері және жергілікті жерде бағдарлау» (А.К. Уварова, А.Р. Жумадилов, О.Б. Мазбаев, 2005), «Картоведение (А.К. Уварова, 2006), «Общая география» (Уварова А.К., 2006), «География туризма: актуальные вопросы теории и практики» (материалы III международной конференции, 2006), «Туризмнің географиялық ортасы» (З.М. Абишева, А.Р. Жумадилов, 2007), «Основы туристско-краеведческой работы» (З.М. Абишева, 2007), «География туризма». Учебник / под ред. А.Ю. Александровой. – М.: КНОРУС, 2008 (С.Р. Ердаuletов, У.Т. Кошкимбаева,) және басқалары.

2009 жылдың мамырында кафедра 16 оқытушы мен 3 оқу көмекші қызметкерлер жұмыс істеген (қоса істейтіндерді ескермегенде).

Оқытушылар арасында 1 ғылым докторы, профессор (С.Р. Ердаuletов), 7 ғылым кандидаттары (г.ғ.к., доцент К.А. Исакова; т.ғ.к., доцент А.М. Артемьев; г.ғ.к., доцент З.М. Абишева; г.ғ.к., доцент А.Г. Аблеева, г.ғ.к., доцент Ж.Н. Алиева, г.ғ.к., доцент Ш.Т. Абдреева, г.ғ.к., доцент А.С. Актымбаева); аға оқытушылар М.И. Жилкибаева, У.Т. Кошкимбаева, А.Р. Жумадилов, А.К. Уварова, Ж.К. Тоимбаева, Д.З. Сабиров, оқытушы А.Ш. Шакен. Оларға оқу-көмекшісі қызметкерлер С.Е. Толемисова мен А.М. Байжокенова көмектеседі.

Кафедраның туризм ғылымын дамыту мен туризм саласының жоғарғы дәрежелі мамандарды даярлау ісінің одан әрі өркендеуінің кепілі – еңбек қайраткерлерінің тәжірибесі мен жастардың қайрат-жігеріне сүйенген кафедрада қалыптасқан мықты ұжымында деп есептейміз.